

**Қамқоршылық кеңесі отырысының  
№1 ХАТТАМАСЫ**

Жезқазған қаласы  
Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі

19.09.2022 ж

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңестің төрайымы - Серикбаева К.А. және мүшелері.  
Шақырылғандар: мектеп-лицей директоры К.Б. Мукашева

**Күн тәртібінде:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 44-бабының 9 - тармағына, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілде №35 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстыру.
2. Қамқоршылық кеңестің қатысуымен 2023-2024 оқу жылындағы қамқоршылық кеңестің жаңа құрамын бекіту, атқарылатын іс-шаралар жоспарымен таныстыру.

**Тындалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры К.Б.Мукашева сөз сөйледі. Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке немесе заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайды. Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын, жалпы ережелерін қамқоршылық кеңесі міндеттері мен атқаратын іс-әрекеттері Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстырып өтті.

Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Серикбаева К.А. сөз алып, 2021 - 2022 оқу жылындағы қамқоршылық кеңестің жұмысына талдау жасады. Қамқоршылық кеңестің төрайымы К.А.Серикбаева, хатшы ретінде К.Б.Омарова өзгеріссіз қалды. Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспары талқыланып, кеңес мүшелері бір ауыздан қабылдап бекітті.

**Қабылданған шешім:**

1. Қамқоршылық кеңестің мүшелері Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларымен таныстырылсын.
2. Қамқоршылық кеңестің жылдық жоспары бекітілсін, іс-шаралар жоспарға сәйкес жүргізілсін.

Төрайымы:



Серикбаева К.А

Хатшы:

Омарова К.Б.



**Қамқоршылық кеңесі отырысының  
№2 ХАТТАМАСЫ**

Жезқазған қаласы  
Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі

25.01.2023 ж

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес төрайымы: Серикбаева К.А

Кеңес мүшелері: Абикенова А.Е.

Адикамова Л.М.

Бексұлтанова А.Д.

Балмаганбетов С.С.

Муратова Н.М.

Комарова А.К.

Смагулов С.Ж.

Курманбаева Ж.Б.

Омаров М.Ш.

Рахымбеков Ә.Б.

Шақырылғандар: мектеп-лицей директоры Мукашева К.Б., әлеуметтік педагог М.К.Абенова

**Күн тәртібінде**

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу шаралары.
2. Қиын өмірлік жағдайға тап болған аз қамтылған және көп балалаы отбасылар мен балаларға көмек көрсету бойынша жұмысты ұйымдастыруға қатысу.

**Тыңдалды:**

1-мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Омарова кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу шаралары бойынша жылдық жұмыс жоспары таныстырып, I жарты жылдықта атқарылған іс-шаралар есебін баяндады. Осы уақытқа, дейін кәмелетке толмағандардың құқығын бұзу фактілері, зорлық-зомбылық жәбірленушілері тіркелмегенін жеткізді. Мектепшілік есепте тек 1 оқушы тіркелгенін айтып өтті.

Сонымен қатар жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында СӨС орталығы, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен, дінтанушылармен кездесулер ұйымдастыруға көмектесу, « Құқықтық тәртіп» рейдін жүргізуде қолдау көрсету керектігін айтып өтті.

2-мәселе бойынша мектеп-лицейінің әлеуметтік педагогы М.К.Абенова қиын өмірлік жағдайға тап болған аз қамтылған және көп балалаы отбасылар мен балаларға көмек көрсету бойынша «Мектепке жол» республикалық акциясынан басқа 4F,7Ә,3Ә сыныптарының ата-аналары және мектеп-лицейіміздің ұстаздарының атынан 1 оқушыға мектепке арналған рюкзак, 2 оқушыға 15000 теңгеден оқу-құралына қаржылай көмек берілді.

“Банк Центр кредиттің” атынан 2 оқушыға мектеп сөмкесі мен оқу-құралдары табысталды. Оқу жылының басында аз қамтылған, жетім, көп балалы, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған отбасы балаларына «Менің отбасым» тақырыбында тренинг өтілді.




**Қабылданған шешім:**

1. Кәмілетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу шаралары жандандырылсын.
2. Алдағы уақытта «Қайырымдылық» акциялары бойынша тұрмыстық жағдайы төмен, көп балалы, аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетуді жалғастыру жұмыстары жандандырылсын.

**Төрайымы:**

**Хатшы:**



**Серикбаева К.А**

**Омарова К.Б.**



## Қамқоршылық кеңесі отырысының №3 ХАТТАМАСЫ

Жезқазған қаласы  
Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі

04.04.2023 ж

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңестің төрайымы - Серикбаева К.А. және мүшелері.  
Шақырылғандар: мектеп-лицей директоры К.Б. Мукашева, әлеуметтік педагог М.К.Абенова

### Күн тәртібінде

1. «Жақсылық жаса» ұранымен «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру.
2. 2023-2024 оқу жылына оқушылардың мектеп формасын ұсыну.

### Тындалды:

1-мәселе бойынша қамқоршылық кеңесі төрайымы К.А. Серикбаева сөз алып, ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы негісінде мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» қаулысын негізіне алып, мектеп-лицейде «Жақсылық жаса» ұранымен «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып жатқандығын айтты. Акция барысында мектептегі көп балалы, аз қамтылған, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған отбасы балаларына қаржылай және материалдық көмек көрсетілетінін айтты. Мектеп-лицейде қамқоршылық кеңесі өзі басшылыққа алып, берілген ақшаны қадағалап отыратынын айтты.

Осы мәселе бойынша мектеп-лицейінің әлеуметтік педагог М.Абенова сөз алып, қандай отбасы балалары «Мектепке жол» акциясы барысында қаржылай және материалдық көмек алатыны туралы түсінік берді. «Жалпыға бірдей оқыту» бағдарламасының шеңберінде келесі сатыдағы отбасы балалары әлеуметтік көмек алуға құқылы.

1. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар.
2. АӘК алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасының төмен отбасылардан шыққан балалар.
3. Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар.
4. Төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балалар.

2-мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.Б.Сапиянова сөз сөйледі. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптармен таныстырып өтті.



Орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасы (бұдан әрі мектеп формасы) оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында дасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасының түсі қою қара көк түстерден таңдалады.

а) Ұлдардың мектеп формасы;

(Жилет, пиджак, шалбар, ақ жейде, не түймелері бар немесе сыдырмлы тоқылған күрте кардиган, поло жейде немесе тенниска. Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.)

б) Қыздардың мектеп формасы:

(Жилет, пиджак, юбка, шалбар, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмлы тоқылған күрте кардиган, поло жейде немесе тенниска, қысқы уақытта тоқыма жилет, сарафан, водолазка, тикатаж жилет. Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады)


Ұлдар мен қыздарға спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка); спорттық аяқ киімнен крассовка, кеды) тұрады.

#### Қабылданған шешім:

1. Аталған жұмыстардың нәтижесінде оқушыларға жалпыға міндетті оқу қорынан материалдық көмекке ұсынылсын, бөлінген қаржының дұрыс ұйымдастырылуын және осы оқушылардың киіммен қамтылуы туралы ақпаратты қамқоршылық кеңеске ұсыну мектеп әкімшілігіне жүктелсін.
2. 2023-2024 оқу жылындағы мектеп формасына Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар ұсынылсын.

Төрайымы:

Хатшы:



Серикбаева К.А

Сапиянова Ш.Б.



**Қамқоршылық кеңесі отырысының  
№4 ХАТТАМАСЫ**

Жезқазған қаласы  
Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі

17.05.2023 ж

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес төрайымы: Серикбаева К.А  
Кеңес мүшелері: Абикенова А.Е.

Адикамова Л.М.  
Бексұлтанова А.Д.  
Балмаганбетов С.С.  
Муратова Н.М.  
Комарова А.К.  
Смагулов С.Ж.  
Курманбаева Ж.Б.  
Омаров М.Ш.  
Рахымбеков Ә.Б.

**Күн тәртібінде**

1. Ас мәзіріне өзгерістер енгізу туралы.
2. 2022-2023 оқу жылын қорытындылау.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп-лицейінің әлеуметтік педагогі М.Абенова сөз сөйледі. Жергілікті бюджет есебінен тегін тамақтанатын 1-4 сынып оқушылары және әлеуметтік, осал топтар, көп балалы және аз қамтылған оқушылар үшін бекітілген ас мәзіріне өзгерістер енгізуді ұсынды. Атап айтсақ 1аптаның дүйсенбі күніне арналған жемістер тәтті печеньеге, қант қосылған шай бал қосылған шәйға;

1аптаның сейсенбі күніне арналған кептірілген жеміс компоты кисельге;

1аптаның сәрсенбі күніне арналған сүтті арпа ботқасы бұршақ сорпасына, қант қосылған шәй С дәрумені қосылған кисельге;

1аптаның бейсенбі күніне арналған бұршақ сорпасы балық котлеті қосылған мокаронға;

1аптаның жұма күніне арналған сиыр етінен жасалған котлеттер ірімшік қосылған мокаронға, май мен ірімшік бутерброды жеміске, кептірілген жемістерден жасалған компот с дәрумені қосылған кисельге, бал қосылған сүт печеньеге;

2 аптаның бейсенбі күніне арналған кептірілген жеміс компоты қант қосылған шайға және жұма күнгі қант қосылған шай С витамині қосылған кисельге;

2 аптаның жұма күніне арналған ыстық тамақ суға қайнатылған тауық еті сиыр етінен жасалған котлетке өзгерту ұсынылды.

Жарыссөз: қамқоршылық кеңес төрайымы К.А Серикбаева ас мәзіріне енгізілген өзгерістерге қамқоршылық кеңес мүшелерінің келісетіндігін хабарлады.

2 -мәселе бойынша қамқоршылық кеңесі төрайымы К.А. Серикбаева сөз алып, 2022-2023 оқу жылындағы қамқоршылық кеңестің жұмысына талдау жасады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы 2 қосымша, 2 тарау, 4 тармағы бойынша қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі 3 жыл өткендіктен Қамқоршылық кеңестегі өз жұмысын тоқтататындығын баяндады.




Осыған байланысты Серикбаева Клара Алдияровна қамқоршылық кеңестің сайлау тәртібі бойынша қайтадан мүшелерін тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган құратын комиссия арқылы сайланатынын ата-аналарға хабарлау жұмысын жүргізу керектігін хабарлады.

**Қабылданған шешім:**

1. Ас мәзіріне енгізілген өзгерістерге қамқоршылық кеңес мүшелерімен келісілді деп танылсын.
2. 2022-2023 оқу жылындағы қамқоршылық кеңестің жұмысына талдау жасалып, жаңа құрамға ұсынуға ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

**Төрайымы:**

**Хатшы:**



**Серикбаева К.А**

**Сапиянова Ш.Б.**